

НОВОСЕЛОВ ОРТА МЕКТЕБІ.

***ТЕРРОРИЗМ, ЭКСТРЕМИЗМ-ЖЕКЕ
АДАМҒА, ҚОҒАМҒА, МЕМЛЕКЕТКЕ
ҚАУІПТІ***

Семинар.

***Қатысушылар мектеп оқушыларының
ата-аналары.***

Жауапты Спатаева Б.К.

қараша 2014 ж.

Мақсаты:

А) Оқушыларға экстремизм, терроризм туралы терең түсінік беру, себептері мен зардаптарын ұғындыру;

Ә) Жасөспірімге қоғамның әлеуметтік, құқықтық, діни сипаттарын ұғындыра отырып, оларды террорлық, лаңкестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеу;

Б) Жасөспірімдерге бейбітшіліктің маңызын және мейірімділік пен ізгіліктің, адамдарға жақсылық жасай білудің өмірдегі басты ұстанымы екенін ұғындыру.

ЭКСТРЕМИЗМ ДЕГЕНІМІЗ:

***АДАМДАРДЫ ТАПТЫҚ, МЕНШІКТІК, РАССАЛЫҚ,
ҰЛТТЫҚ НЕМЕСЕ ДІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ
БАЙЛАНЫСТЫ БӨЛУ;***

***АДАМ ҚҰҚЫҒЫН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ
РЕТІНДЕ ЖОҚҚА ШЫҒАРУ;***

***АШЫҚ ПЛЮРАЛИЗМ МҮМКІНДІГІН, ИДЕЯЛАРДЫ ЕРКІН
ТАРАТУ ЖӘНЕ АЙЫРБАСТАУДЫ ЖОЮ;***

БІР ИДЕОЛОГИЯНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТІНДЕ ОРНАТУ;

экстремизмнің пайда болуының негізгі
факторлары :

- әлеуметтік экономикалық тоқырау;
- жергілікті тұрғындардың көп бөлігінің өмір сүру деңгейінің кұрт түсуі;
- мемлекеттік басқару жүйесі мен саяси институттардың деформациясы;
- олардың қоғамдық дамудың пісіп тұрған мәселелерін шешуге қабілеті жетпеу;
- саяси режимнің тоталитарлық сипат алуы;
- биліктегілердің оппозицияны басып тастауы;
- еркін, жаңаша ойлауды қуғындау;
- ұлттық қанау;
- жеке топтардың өз міндеттерін шешуін жеделдетуі т.б;

- «Терроризм» – араб тілінде «ирхаб» сөзімен аталады, мағынасы – «қорқыту».
Терроризм мен діни экстремизм адамзат баласына қауіп пен қатер төндіретін ұйымдар. Олар өз мүдделерін жүзеге асыру үшін небір озбыр әрекеттерге барады. Билікті орнынан кетіріп, дінді сылтау етіп, адамдар өміріне қауіп ұялатады. Қоғам арасында алауыздықты тудырып, тыныштықты бұзады.

